

Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстарының анализі

Амангелді ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ бойынша жұмысты талдаудың негізгі мақсаты мектепті дамыту бағдарламасы шеңберінде 2023-2024 оқу жылындағы қызмет нәтижелеріне әсер еткен (оң немесе теріс) факторлар мен жағдайларды айқындау негізінде жаңа оқу жылындағы жұмысты жоспарлаудың талдамалық негіздемесі болып табылады;

- өткізілген іс-шаралар,
- құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шаралары,
- сынып сағаттары бойынша қорытынды деректерді,

-ата-аналардың жалпы мектептік ата-аналар жиналысына қатысуы бойынша деректерді салыстыру. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы мектепті дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Барлық іс-шаралар тұлғаға бағытталған білім беру және тәрбие ортасын құру процесінің тізбегіндегі буындар болды. Бұл жұмыс жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге, мектептің білім беру жүйесін дамытудың іске асырылатын кезеңіне сәйкес келетін міндеттерді орындауға және оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Мектептің тәрбие жүйесі нормативтік құжаттар: "Білім туралы" ҚР Заңының негізгі бағыттары, "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заң және басқа да нормативтік құқықтық құжаттар, нұсқаулық-әдістемелік хаттар мен ұсынымдар негізінде құрылады. Бастысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі үш құндылығы ар-ұят, талап, ұлттық мүддені дамытуға бағытталған. Осы орайда Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы және даналық мектептері ашылып, өскелең ұрпақты дамытуға жан-жақты ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Бұл жобалар балаларды тәрбиелеудегі отбасының рөлін күшейту және ата-аналарды оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға тарту үшін ықпалы зор. Алға қойылған міндеттердің негізінде тәрбие жоспарлары, бағдарламалар мен сынып ұжымдарының жұмыс жоспарлары жасалды. Тәрбие жүйесін дамыту, тәрбие кеңістігін құру бойынша жұмыс жасай отырып, біз тәрбие процесінің тиімділік өлшемдерін анықтадық:

- оқушылар мен олардың ата-аналарының мектеп өміріне қанағаттануы;
- оқушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығы;
- ұлттық құндылықтарды құрметтеп, сақтауға;
- мектептегі, сыныптағы тұлға аралық қатынастардың сипаты;
- оқушылардың әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Мектептің тәрбие жұмысы оқу білімін, үйірмелер мен секциялардағы сабақтарды, сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдай отырып, мектептің педагогикалық ұжымы жоспарланған жоспарларды сәтті жүзеге асыруға, алдына қойылған міндеттерді шешуге ұмтылғанын, келесі қызмет салаларына тоқталатынын атап өткен жөн.

Жылдағы мерекелік шаралар - бұл мектептің жыл сайын атқарылатын іс-шаралары. Бұл іс-шараларға жыл сайын оқушылар да, сынып жетекшілер де

алдын-ала дайындалады. Қандай да бір мерекеге байланысты үміттер пайда болады, сондықтан әркім белгілі бір іске қатысуын елестете және болжай алады. Мұндай болжам дәстүрлі істерді дайындауды жеңілдетеді және сонымен бірге оны қиындатады, өйткені жыл сайын мереке былтырғыға ұқсамайды деп күтілуде. Мектептегі барлық іс-шаралар жалпы мектеп, сынып және топтық болып бөлінді. Негізгі мектеп істеріне келетін болсақ, олардың барлығы сәтті өтті, олар: "1 қыркүйек - Білім күні - салтанатты жиын; бірыңғай сынып сағаты: Балалар жылына арналған «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында өтті. "Мұғалімдер күні" (Дублер күні) "Қарттар күні"; "Күзгі бал"; " Жаңа жыл бал"; "Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз" "" Қош келдің-Әз Наурыз!"; "Отан қорғаушылар күні";"Жеңіс күні";" Құстар күні"; «Жол жарақаттары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және СӨС бойынша айлықтар;" Соңғы қоңырау";" Балаларды қорғау күні"; «Аттестат табыстау» және басқалар. Мектеп іс-шараларына барлық сыныптар қатысады, бірақ топтардың мектеп өміріндегі белсенділік деңгейі әр түрлі. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысымен, олардың балаларды ұйымдастыруға, жарықтандыруға, әр баланы іс-шараларға қатысуға тарту қабілетімен байланысты.

Білім күніне орай «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынмен басталып, «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттарымен жалғасты. «Менің таңдауым қазақ тілі» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Қазақ тіліне арналған апталық ұйымдастырылды. «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында флешмоб болды. “Отбасы –асыл мұра» тақырыбында көрме өткізілді. Отбасы күніне орай «Ата-әжемен сұхбат» болды. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасына сәйкес айтыс туралы мағлұматтар берілді. «Киелі табиғат» акциясы негізінде тазалық жұмыстары өткізіліп отырды.еңбек күні аталып өтті. Мектеп парламенті құрылып дублер күнін ойдағыдай ұйымдастырды.оқушылар «Ақберен » сайысына қатысып жүлделі орындар иеленді. Өмір қауіпсіздігі бойынша сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Аудандық футбол ойынына 5-6-7 сыныптар қатысып жүлделі 3 орын иеленді.өрт қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» байқауына қатысып Ахметулла А.А 3 орын иеленді. Қауіпсіздік ережелері бойынша стендтер жаңартылды. Мұғалімдер күні еңбегі ерең ұстаздарымыз марапатталды. Ұстаздар күніне мерекелік концерт өткізілді. «Менің шағын – Отаным» сайысына оқушылар белсене қатысып жүлделі орындарды иеленді. Ал, «Менің кіші Отанымның болашағы» номинациясы бойынша Баяхмет Еркежан І орын иеленіп облысқа жолдама ұтты. Мектебімізді ай сайын дебаттар ұйымдастырылып отырды. Ауылдық әкімдікпен бірлесе отырып қарттар күні өткізілді. Мектеп парламентінің Президентін сайладық. Алтын күз мерекесі жоғары деңгейде өткізілді. Республика күніне орай 10 күндік өтті. Республика күніне орай салтанатты жиын өтіп 1-5 сынып оқушылар ант қабылдап, жас ұлан, жас қыран ұйымына өтті.интернет алаяқтар жөнінде полиция қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. «Жаңа Қазақстан-жастар көзімен» КТК ойыны өтті.Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының отырыстары өткізілді. Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз бабалық шақ» тақырыбында апталық болды.Қауіпсіз жол тақырыбында «Қамқор ана» сайысы «Сіздің жолаушыңыз

бала» видео-ролик сайысы өтті. Абай оқулары, Ілияс Жансүгіров оқулар, Мағжан оқулары болды. «Мәңгілік жаса-қыран елім» облыстық сайысына қатыстық. Жаңа жыл мерекесін мектеп парламентімен бірлесе ұйымдастырылды. Даналық мектебі бойынша да жұмыстар жүргізілді. Досболайк жобасы бойынша біз булингке қарсымыз тақырыбында апталық өткізілді. Алғыс күніне орай челлендж ұйымдастырылды. «Мен және жеңгем» сайысы өтті. Ұлттық спорт түрлерін насихаттау бойынша қол тірес, асық ату, арқан артыс, тоғызқұмалақ ойындары жүргізілді. Түлектер ағаш екті, оқушылар гүл тұқымдарын егіп, мектеп маңайын гүлдендірді. Бірлік күні, мен жеңіс күні аталып өтті. Жазғы мектеп пен лагер жұмыстары ойдағыдай өтті. Әншуақ аудандық фестиваліне қатыстық. Жалпы 2023-2024 оқу жылында көптеген іс шаралар өтті. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес көптеген іс-шаралар өткізілді. Сыныптарда ұлттық құндылық бұрыштары жасалынды. Мектепте жұмыс жоспары нақты көрсетіліп, сол бағытта жұмыстар жүзеге асырылды.

Мықты жақтары:

- 1) Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы
- 2) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтар жақсы дәріптелді
- 3) Барлық іс –шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктелуі
- 4) Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі
- 5) Іс-шаралардың өткізілуіне оқушылардың үлкен жауапкершілікпен қарауы

Әлсіз жағы:

- 1) Айтыс өнерін дәріптеу үшін домбыра үйірмесінің болмауы
- 2) жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысына ата-аналар толық қатыспауы
- 3) Оқушылардың өткізілген іс-шараларға толық қамтылмауы.

Мүмкіндіктері:

- 1) сайыстар, байқауларға Оқушыларды алдын-ала дайындау
- 2) Тәрбие сынып сағаттарын жиі өткізу.
- 3) Интернет алаяқтар туралы ақпарат көп беру
- 4) Даналық мектебі жұмысын жандандыру
- 5) Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысу
- 6) Әлеуметтік желіге сапалы видео-роликтер салу